Наиболее динамично в нашей стране сейчас развиваются простые логистические операции: перевозка и экспедирование грузов всеми видами транспорта. Сложным комплексным логистическим услугам, например, интеграция и управление цепями поставок от производителя к конечному потребителю, наши провайдеры уделяют значительно меньше внимания. Но тенденция увеличения к предоставлению более сложных услуг все же наблюдается.

ЛИТЕРАТУРА

1 Закон Республики Казахстан. № 26611-ЗРК. «О железнодорожном транспорте» опубл 08.12.2001, - Астана, 2001.

2 Программа реструктуризации железнодорожного транспорта Республики Казахстан на 2001-2005 годы (утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан N 756 от 4 июня 2001 года) / Магистраль – 2001.- №7. С.19-44.

3 Основные направления технической политики КТЖ на 2001-2014. Проект. /Казакстан темір жолшысы. – 9.11.2000.

4 *Байдаулетов Н.Т.* Неизбежность реформы на железной дороге продиктована временем //Ваш Транскурьер, 2003. - №3. - С.1-3.

5 Материалы 5-той международной конференции: «ТрансЕвразия – 2004» /Казахстанская правда. - Астана, 18.06.2004. - №136-137.

6 Материалы 7-ой Московской Международной выставки и конференции: “Транспорт и логистика” / спорткомплекс “Олимпийский”. – Москва, 25-28 марта 2002.

Резюме

Бұл мақалада әлемдік логистикалық қызмет көрсетудің ең негізгі мәселелері қарастырылған. Яғни мұнда әлемдік тауар айналым және нарық жағдайындағы логистикалық бәсекелестікті кең көлемде айтылған. Ең негізгі қарқынды даму қағидаларын және қызмет көрсету талаптары жайлы айтылған. Қазақстан нарығындағы логистикалық қызмет көрсету ерекшеліктері де кең ауқымды көрсетілген.

Summary

Logistic sphere covers a lot of type of services in planning, management and control of process of moving and storage of the goods and services from a producer to the consumer. The last decades firms consignors expand transfer of tasks in the logistics sphere to the specialized companies (English third-party suppliers) which provide the most effective solution of the specified tasks. This segment is calling «logistic services of the third party», i.e. provided by the specialized, "third party" firms which are not concerning the customer and the supplier of the goods with which deliver providing logistic services is connected, (from English third-party logistic services – 3PL).

КазНТУ им. К.И. Сатпаева *Поступила 08.11.12 г.*

ӘОЖ 628.517.2:669

Ж.О. Жұмаділова

ОТҚА ТӨЗІМДІ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖЫЛУЛЫҚ СӘУЛЕЛЕНУ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ ЖОЛДАРЫ

Металлургия және машина жасау саласында көптеген жабдықтар мен қондырғылардан жұмыс істеу барысында адам ағзасына зиянды жылулық сәуле, сәулелену көзі пайда болады.

Өндірістегі микроклиматтық жағдайлар – бұл салыстырмалы ылғалдылық, қозғалыс жылдамдығымен, ауа температурасымен (қабырға, еден, төбе, қоршаулы жабдықтар, технологиялық жабдықтар) және жылулық сәуле қарқындылығымен сипатталатын параметрлер адам ағзасына, еңбек гигиенасына зиянды әсер етеді.

Жылулық сәуле жұмыс істеушінің еңбекке деген қабілетін төмендетеді, сонымен қатар жұмыс сапасын да жоғалтады. Өндірістегі негізгі технологиялық жабдықтардан бөлінетін жылулық сәуле түрлері төменде келтірілген (1-кесте).

1-кесте. **Технологиялық процестер мен жабдықтардан бөлінетін жылулық сәулелену**

Сәулелену көзі	Бет температурасы, ^{0}C	Толқын ұзындығы, мкм	Сәулелену спектрі
Пештің ішкі беттері, бу құбырлары, суыған металл	500^0 дейін	3,7-9,3	Инфрақызыл сәулелер
Пештердің ішкі беттері, құймалар, оттар	1200^0 дейін	1,9-3,7	Инфрақызыл сәулелер, нашар көрінетін толқын ұзындығы
Балқытылған металл, жоғары қыздырылған электродтар	1800^0дейін	1,4-1,9	Инфрақызыл сәулелер, жоғары деңгейде көрінеді
Қысқа толқынды, иінді пештер, пісіру аппараттары	2000^0 жоғары	0,8-1,2	Қысқа толқынды инфрақызыл, көрінетін ультракүлгін сәулелер

Сәулелену қарқындылығы сәуле көзінің өлшеміне және температурасына байланысты 700 Вт/м^2 дейін барады.

Микроклиматтың жағымсыз әсерінің алдын алу үшін келесі қорғаныстық шараларды қолдану қажет: өндірістік ғимараттарды жылыту және желдету; жергілікті ауа алмасу жүйелері (кондиционерлеу); арнайы киім және жеке қорғаныс құралдарын қолдану; демалуға және жылынуға арналған бөлмелер; жоғарғы немесе төменгі температурада шекті мөлшерде жұмыс күнін сақтау; демалыс мерзімін ұзарту; микроклимат көрсеткіші бойынша еңбек шартының класына байланысты жұмыс өтімін азайту; инфрақызыл сәулелер кезінде үзілістер белгілеу.

Инфрақызыл сәулелерден қорғану үшін келесі әдістер қолданылады: жанғыш беттерді жылулық оқшаулау; жылулық сәуле беттерін салқындату; сәуле көздерін экрандау; аэрация және ауалық душты қолдану қажет.

2-кесте. **Үздіксіз сәулелену кезеңдерінің және олардың арасындағы үзіліс ұзақтығы**

Инфрақызыл сәуленің қарқындылығы, Вт/м^2	Үздіксіз сәулелену кезеңінің ұзақтылығы, мин	Үзіліс ұзақтылығы, мин	Сәулелену және үзіліс ұзақтылығының ара-қатынасы
350	20	8	2,5
700	15	10	1,5
1050	12	12	1,0
1400	9	13	0,7
1750	7	14	0,5
2100	5	15	0,33
2450	3,5	12	0,3

Жылулық оқшаулау инфрақызыл сәуле қарқындылығын қызу беттерінен бәсеңдету бойынша ғана емес (пештер, ыдыстар, құбырөткізгіштер және т.б.), сондай-ақ жалпы жылудың бөлінуінен, күйіктің алдын алу үшін, жылу шығынын қысқартуда тиімді болып табылады. Санитарлы норма бойынша жұмыс орнындағы жабдықтар мен жабдық беттерінің температурасы 45^0C-тан аспауы қажет. Кейде жабдық беттерінің сыртқы температурасын бәсеңдету үшін ішкі жылулық оқшаулау қолданылады.

Сәуле көздерін экрандау – сәулеленуден қорғайтын тиімді және кең таралған әдіс болып табылады.

Экрандар жұмыс принципі бойынша жылу шағылдырғыш, жылу жұтқыш, жылу бөлгіш болып бөлінеді.

Шағылдырғыш материалдар ретінде альфоль (алюминді фольга), алюмин беттері, бояулары қолданылады. Жылу жұтқыш материалдар ретінде отқа төзімді немесе жылу оқшаулағыш кірпіштер, металды рамалар, басқа да жылу оқшаулағыш конструкицялар қолданылады. Жылу жұтқыш экрандарды қарқынды жылулық сәуле жағдайында, жоғары температура, механикалық соққы және шаңды ортада қолдануға болады.

Футерленген экрандар – 105 кВт/м^2, асбесті – 3,5 кВт/м^2 дейінгі сәулелену қарқындылығы кезінде қолданылады. Футерленген экранның тиімділік коэффициенті шамамен 0,3-ке, асбестінікі 0,6-ға тең.

Жылу бөлгіш экрандар пісірілген немесе құйылған конструкциялардан тұрады.

Сәуле энергиясының кез-келген ортада жұтылу теңдігінің формуласы:

$$E = Eo \cdot e^{-\delta R} \quad (1)$$

мұндағы: Е және Ео – экранның бар немесе жоқ кезіндегі берілген нүктедегі сәуле ағынының энергиясы, Вт/м;

δ - ағынның бәсеңдеуінің тәжірибелік коэффициенті (су бүркуі үшін 1,3 мм-ге тең);

R – бүрку қалыңдығы, мм.

Қорғаныс экранының тиімділігі келесі формуламен анықталады:

$$\eta_э = \left[\frac{(E_0 - E)}{E_0}\right] \bullet 100\ \% \quad (2)$$

Адам ағзасына сәуле энергиясын бәсеңдету мақсатында жеке қорғаныс құралдары пайдаланылады. Арнайы киім өртке төзімді, сәуле энергиясына қарсы тұрақты, жұмсақ және ауа өткізгіш материалдан (мауыт, брезент, металмен қапталған мата) жасалады. Металмен қапталған мата жұмысшыға түсетін инфрақызыл сәуледен 90%-ға дейін қорғайды. Көзді қорғау үшін сары-жасыл немесе көк әйнектен жасалған арнайы жарық фильтрлері, көзілдіріктер қолданылады.

Термиялық қондырғыларды және технологиялық процестерді жобалау кезінде мүмкін жылулық сәулелену мен жылу оқшаулауға қажетті қалыңдықты есептейді. Жоғары жылулық сәулемен сипатталатын жұмыс орны *ұсталық пеш* болып табылады.

Есептеулерді жеңілдету үшін пештің ашық есігінен сәулелену Вт/м^2, адам денесінің сәулеленуіне пропорционал болып табылады.

$$Q^{|}_{саң} = C_o \bullet \left(\frac{T_n}{100}\right)^4 \quad (3)$$

мұндағы: C_o – адам денесінің абсолютті қаралық деңгейі; C_o=5,78 Вт/м$^2 \cdot$К^4;

T_n – пештің абсолютті температурасы, К.

Бөлмеге тікелей кіретін жылулық сәуле қарқындылығы, Вт/м^2

$$Q_{саң} = Q^{|}_{саң} \cdot \varphi_{саң} \quad (4)$$

мұндағы: $\varphi_{саң}$- саңылау жанындағы шағылысу сәулесінің коэффициенті, яғни бұл саңылаудың диафрамалы әсер есебінен сәулеленудің төмендейтінін ескереді. Тік бұрышты саңылау үшін:

$$\varphi_{саң} = \frac{\left(\varphi^{'}_{сан} + \varphi^{''}_{сан}\right)}{2} \quad (5)$$

мұндағы: $\varphi^{/}_{саң}$=δ/a; ал $\varphi^{//}_{саң}$=δ/b қатынасына тәуелді;

δ-пеш қабырғасының қалыңдығы; a-ені; b-саңылау биіктігі, метрмен;

$\varphi^{/}_{саң}$ және $\varphi^{//}_{саң}$ келесі кесте бойынша алынады.

3-кесте. **Сәулелену коэффициентінің мәні**

Параметр	Белгілері											
δ/a; δ/b	0,2	0,4	0,6	0,8	1,0	1,2	1,4	1,6	1,8	2,0	2,2	2,4
$\varphi'_{сан}$; $\varphi''_{сан}$	0,91	0,83	0,76	0,71	0,65	0,61	0,57	0,35	0,52	0,50	0,47	0,45

Х саңылаудан қашықта орналасқан жұмыс орнындағы жылулық сәуле қарқындылығы, Вт/м^2

$$Q_{ж.о}=\varphi_{ж.о}\cdot Q_{сан}\cdot F \qquad (6)$$

F-саңылау ауданы, м^2;

$\varphi_{ж.о}$-жұмыс орнындағы сәулелену коэффициенті (кесте бойынша)

4-кесте. **Жұмыс орнының орналасауына байланысты сәулелену коэффициентінің тәуелділігі**

Параметр	Белгілері										
$X/\sqrt{F}$	0,2	0,4	0,6	0,8	1,0	1,2	1,4	2,0	2,8	3,6	4,8
$\varphi_{ж.о}$	0,86	0,6	0,4	0,26	0,19	0,12	0,09	0,055	0,03	0,018	0,011

Егер жылулық ағын пеш қабырғасынан 1м өтсе, онда сыртқы бетті нормалы температурамен қамтамасыз ету үшін қабырға қалыңдығының есебі келесі формуламен анықталады:

$$\delta = \frac{\lambda\left(T_{іш} - T_{сырт}\right)}{q} \qquad (7)$$

мұндағы: δ – бір қабатты пеш қабырғасының қалыңдығы, м;

λ-қабырға материалының жылуөткізгіштік коэффициенті, Вт/м·К (кесте бойынша), бұл орта температурасына тәуелді болады;

$T_{іш}$ - пештің ішкі бетінің температурасы, ^{0}С; пештегі орта температурасы 5^0-тан кем болмайды;

$T_{сырт}$ - жұмыс орнына қатысты пештің сыртқы бетінің санитарлы норма бойынша шекті мәні, ^{0}С;

q - қабырға арқылы өтетін жылулық ағынның тығыздығы, Вт/м^2

Отқа төзімділік дегеніміз – материалдың жоғары температура әсеріне ұзақ уақыт өз пішінін өзгертпей қарсы тұру мүмкіндігі.

Ыстыққа тұрақтылық дегеніміз – материалдың температураның кенттен жылдам өзгеруі кезінде өзгермеу мүмкіндігі.

Отқа төзімділігі бойынша бұйымдар отқа төзімді (мысалы, шамот 1580–1770 ^{o}С, 30–45 % Al_2O_3 және 50–60 % SiO_2 құрайды), жоғары отқа төзімді (мысалы, динас 1770–2000 ^{o}С, 90 % SiO_2 құрайды) және өте жоғары отқа төзімді (мысалы, хроммагнезит 2000 ^{o}С жоғары, 15–30 % Cr_2O_3 және 45–60 % MgO тұрады) болып бөлінеді.

5-кесте. **Отқа төзімді материалдардың жылуөткізгіштік коэффициентінің мәні**

Материал	Жылу өткізу коэффициенті, Вт/м·К
Шамот	0,67 + 0,0006 Т
Динас	0,82 + 0,0007 Т
Хроммагнезит	6,12 - 0,0026 Т

$$T = 0{,}5\ (T_{іш} + T_{сырт}) \qquad (8)$$

Жылулық ағынның тығыздығы, Вт/м^2

$$q = \alpha_H\ (T_{іш} + T_{ж.з}) \qquad (9)$$

мұндағы: $T_{сырт}$ - пештің сыртқы бетінің температурасы, К;
$T_{ж.з}$ - жұмыс зонасындағы ауа температурасы, К;
α_H – пештің сыртқы бетінің жылу бөлу коэффициенті, Вт/м^2·К

$$\alpha_Н = \alpha_л + \alpha_к \quad (10)$$

мұндағы: $\alpha_л$ – сәулелену мен жылу бөлу коэффициенті;
$\alpha_к$ - конвекциямен жылу бөлу коэффициенті.

$$\alpha_л = \frac{C_{кел}\left[\left(\frac{T_{іш}}{100}\right)^4 - \left(\frac{T_{ж.о.}}{100}\right)^4\right]}{T_{сырт} - T_{ж.о.}} \quad (11)$$

$$\alpha_к = \alpha\sqrt[4]{T_{сырт} - T_{ж.о.}} \quad (12)$$

Бұл формуладағы $С_{кел}$ – сәулеленудің келтірілген коэффициенті; $С_{кел}$= 4,2 Вт/м·К^4;
α – тәжірибелік коэффициент: вертикалды беттер үшін α=2,2; Көлденеңнен жоғары қарағанда α=2,8; көлденеңнен төмен қарағанда α=1,4.

Егер есепті жүргізу кезінде температура берілген болса, онда жылулық ағын шамасын анықтау қажет емес. Бір қабатты қабырға қалыңдығын келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$\delta = \frac{\alpha_H\left(T_{сырт} - T_{ж.о.}\right)}{\lambda\left(T_{іш} - T_{сырт}\right)} \quad (13)$$

Мұндағы мәндер алдыңғы өрнектермен бірдей болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *ҚР – ның Еңбек кодексі, 2007ж.*
2. МЕСТ 12.0.004–90. Жұмыскерлерді қауіпсіз еңбек әдістеріне үйрету
3. Н.Н. Севрюков, Б.А. Кузьмин, Е.В. Челищев. Общая металлургия. М., «Металлургия», 1976. 141-563б.
4. Злобинский В.М. Охрана труда в металлургии. М., Металлургия, 1970, Б.497.
5. Арустамов Д.А.Безопасность жизнедеятельности. Учебник, М., 2007г., 496 с.
6. ҚР 3.04.2002 ж. «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» заңы

Резюме

В работе рассмотрены вопросы по охране труда в металлургии и машиностроении, в т.ч. защита от тепловых излучений (инфракрасные, ультрафиолетовые). Представлены методы исследования и расчета интенсивности тепловых излучений в кузнечном цехе.

Summary

The paper discusses the issues of labor protection in metallurgy and mechanical engineering, including protection from thermal radiation (infrared, ultraviolet). The methods of investigation and calculation of the intensity of thermal radiation in the forge.

Қ.И. Сәтбаева атындағы ҚазҰТУ *Түскен күні 15.10.12 г.*

ӨӘЖ 331.464.36

Ф.К. Батесова, А.И. Батесов

БАСШЫЛАР, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ БІЛІМДЕРІН ТЕКСЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қазақстан Республикасында болып жатқан экономикалық өзгерістер салдарынан барлық өндірістегі қауіпсіздікті басқару саласында және кәсіптік қауіпсіздікті басқаруда күрделі өзгерістер болып, қызметшілер денсаулығына кері әсерін тигізді. 90-шы жылдардағы мемлекеттік басқарудың өндірістер мен әртүрлі жекешелендіруді өрбіту орталықтарының әсерінен өндірістегі қауіпсіздікті басқару жүйесінің біртұтастығы бұзылып, өндірістегі басқарудың салалық құрылымы тәжірбие жүзінде тіптен қолданылмайтын болды.

Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) деректеріне жүгінетін болсақ, әлемде жыл сайын 270 млн. сәтсіз жағдайлар болады 160 млн. адам кәсіптік ауруға шалдықса, 2 млн. астамы қаза болған. Қазақстан Республикасында 2011 жылғы қорытынды бойынша жапа шегушілер саны 2892 адам (408 қаза тапқан олардың 19 әйелдер), 523 кәсіптік ауру жағдайлары (2007 жылы 461 жағдай) тіркелген. Қазіргі жағдайда, көптеген жұмыс істеп тұрған өндірістерде кәсіптік қауіпсіздікті басқару және қызметкерлер денсаулығын басқару жүйесі қауіпсіздік ережелерінің талаптарын қамтамасыз етпейді және өндірістік апаттық жарақат алуды жоймайды.

Оқыту – оқушының танымдылық қабілетін өркендетуіне негізгі ынталандырушысы. Оқушылардың дамуын алға жылжуы жаңа мүмкіншіліктерді туғызады оқытудың күрделі шешімдері оңай шешуінің алғы шарты. Оқытудың тиімділігін және қажеттілігін анықтау үшін, оны дұрыс ұйымдастырып, көзделген мақсатқа жетуіміз керек. Оқытудың өзара байланыс схемасы 1суретте көрсетілген.



Сурет 1. Оқытудың өзара байланыс схемасы

Осы еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігін басқару саласындағы еңбек қорғау басқару жүйесі талаптары бойынша мекеменің еншілес және тәуелді ұйымдарының барлық жұмыскерлеріне таралады. Барлық жұмыскерлерді оқытудың және олардың еңбекті қорғау сондай-ақ өнеркәсіп қауіпсіздігіне қатысты білімдерін тексерудің ортақ тәртібін белгілейді.

Жұмыскерлерді оқыту және білімдерін тексеру үздіксіз көп сатылы сипатта болуы тиіс және мекеменің барлық жұмыскерлерімен жүргізілуі қажет. Уақытылы және сапалы оқыту мен білімдерін тексеруді ұйымдастыру жауапкершілігі жалпы мекеме бойынша бірінші жетекшіге, ал құрылымдық бөлімшелер бойынша – олардың жетекшілеріне жүктеледі. Нұсқау беру және мекеме қызметкерлерін оқыту мен еңбек қауіпсіздігіне қатысты білімдерін тексерудің уақтылы жүргізілуі еңбекті қорғау қызметтерімен немесе осы міндеттемелер бұйрықтармен, қызметтік нұсқаулармен және тағы басқалар жарлық құжаттармен жүктелген жұмыскерлер тарапынан бақылануы тиіс.

Мекемеде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты басшылар мен мамандарды (директор, оның орынбасарларын, бас инженерді, еңбек қорғау қызметінің жетекшісін) оқытудың және білімдерін тексерудің тәртібі.

Мекемеде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты басшы қызметкерлер мен тұлғалар (осыдан былай – басшы қызметкерлер) дүркін – дүркін, үш жылда бір реттен кем емес, білім берудің тиісті ұйымдарындағы санатты арттыру курстарында оқып, еңбекті қорғау және қауіпсіздігіне қатысты білімдерін тексеріп тұрулары қажет.

Жұмысқа қайта қабылданған басшы қызметкерлер еңбекті қорғау және қауіпсіздікке қатысты білімдерін еңбек келісім-шартына қол қойылған күннен бастап бір айдан кем емес мерзімде тексеруден өткізулері керек.

Басшы қызметкерлерге арналған еңбекті қорғау және қауіпсіздікке қатысты оқу бағдарламалары экономиканың салаларын ұйымдастыру ерекшеліктерін ескере отырып, теориялық және өндірістік оқытуды көздеуі тиіс. Еңбекке қатысты аумақтық мемлекеттік органмен бекітілуі қажет. Басшы қызметкерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне қатысты оқыту (дәрістер, лекциялар, семинарлар), мемлекеттік қадағалау және бақылау мекемелерінің мамандарын, оқу орындарының оқытушыларын, тәжірибелі заңгерлер мен инженерлік-техникалық жұмыскерлерді және ірі өндірістік мекемелердің еңбекті қорғау және қауіпсіздігі қызметтерін тарту арқылы жүргізіледі.

Басшы қызметкерлердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне қатысты білімдерін тексеру санатты арттыру курстарында (дәріс оқылған орында) оқу бағдарламасы аяқталған соң, еңбекке қатысты аумақтық мемлекеттік мекеменің бұйрығымен құрылатын кемінде 3 адамнан тұратын емтихан комиссиясымен жүргізіледі. Комиссия Төрағадан – мемлекеттік еңбек инспекторынан және комиссия мүшелерінен тұрады. Емтихан комиссиясының құрамына санатты арттыру курсының жетекшісі, сонымен қатар мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының мамандары (келісім бойынша) кіреді. Басшы қызметкерлердің білімдерін тексеру үшін емтихан комиссиясы тестілеу тәсілдерін немесе емтихан билеттерін қолдана алады. Емтихан билеттері немесе тестілер өндірістің ерекшеліктерін, мамандарға қойылатын санаттық талаптарды және оқыту бағдарламасын ескере отырып дайындалады. Емтихан комиссиясы басшы қызметкерлердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне қатысты білімдерін тексеріп болғаннан кейін келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

– еңбекті қорғау және қауіпсіздігіне қатысты білімдері тексеруден өтті;

– еңбекті қорғау және қауіпсіздігіне қатысты білімдерін қайта тексеруден өткізуі тиіс.

Емтихан комиссиясының шешімі ашық дауысқа салу арқылы қабылданады. Басшы қызметкерлердің білімдерін тексерудің нәтижелері хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға төраға және емтихан комиссиясының мүшелері қол қояды.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздікке қатысты білімдерін тексеруден өткізген басшы қызметкерлерге Қазақстанның барлық аумағында жарамды, белгіленген үлгідегі сертификат тапсырылады. Еңбекті қорғау және қауіпсіздікке қатысты білімдерін тексеруден өткізбеген басшы қызметкерлер білімдерін келесі тексеруден өткізгенге дейін өздерінің лауазымдарында қалады. Білімдерін қайта тексеру білімдерін тексеруден өткізген күннен бастап үш айдан кем емес мерзімде өткізіледі. Егер, еңбекті қорғау және қауіпсіздікке қатысты білімдерін қайта тексеруден өткізе алмаған жағдайда, басшы қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметтен босатылады. Басшы қызметкерлер еңбекті қорғау және қауіпсіздікке қатысты білімдерін қайта тексеруден келесі жағдайларда өтулері тиіс:

– еңбекті қорғау және қауіпсіздігіне қатысты жаңа нормативтік актілерді іске асырғанда, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізгенде;

– жаңа құрал-жабдықтарды іске қосқанда немесе жұмыс берушінің шешімі бойынша жаңа технологиялық процестерді енгізген кезде;

– жауапты тұлғаны басқа жұмыс орнына ауыстырған кезде немесе оны жұмыс берушінің шешімімен еңбекті қорғау және қауіпсіздігіне қатысты қосымша білімді талап ететін басқа лауазымға тағайындағанда;

– қайғылы оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссияның шешімімен қайғылы оқиғалар орын алған кезде – топтық қайғылы оқиғада, өлімге немесе ауыр салдарға (мүгедектікке) алып келгенде, сондай-ақ апат, жарылыс, өрт немесе улану болған жағдайларда;

– жұмыстағы үзіліс бір жылдан көп болған жағдайда.

Мекеменің емтихан комиссиясының шешіміне байланысты дау-дамайлар еңбекке қатысты уәкілеттік мемлекеттік органмен немесе сотта қаралады. Ал ұйымдардағы басшы қызметкерлердің оқуы мен білімдерінің уақтылы тексеруден өткізілуін бақылауды директор, сонымен қатар мекеменің еңбекті қорғау қызметі жүзеге асырады.

Еңбек қорғауды оқытуын ұйымдастыру үшін еңбек қорғауды оқытудың түрлерін қарастырайық. Еңбек қорғауды оқытудың түрлері 2 суретте көрсетілген:



Сурет 2. Еңбек қорғауды оқытудың түрлері

Қазақстанға ең маңызды ұйымдық мәселелердің бірі қызметкерлерді оқыту шарттары туралы айтсақ:

1 Қызметкерлердің тиімді оқудағы барлық категориялары жоғары басшылардың көмегінсіз іске аспайды.

2 Қызметкерлерді оқуға дайындау және жүргізу ұйымдық шарттардың толық есебін талап етеді, ол оның шешімдеріне әсер етеді және оқу беруді жоғарылатудың жолдарын анықтайды.

3 Қызметкерлерді оқыту тиімділігі анықталған сайын, олардың құрамы және оқу формасы ұйымдық есептерге және мақсаттарға сәйкес болады.

4 Оқуды жоғары дәрежеде беруге мүмкіндігі болады, егерде ұйым өздерінің оқу тиімділігіне байланысты сұрақтарды үнемі қадағалап тұруы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстанда еңбекті қорғау – Охрана труда Казахстан №12, 2008 – б. 34 -36.
2 Қазақстанда еңбекті қорғау – Охрана труда Казахстан №1, 2008 – 63 б.
3 Қазақстанда еңбекті қорғау – Охрана труда Казахстан №11, 2007–45 б.
4 Қазақстанда еңбекті қорғау – Охрана труда Казахстан №4, 2006 – б. 50 -54.
5 Охрана труда и социальное страхование №6, 1996 – Б. 75 – 79.
6 Девисилов В.А. Охрана труда. – М.: Форум-ИНФРА-М, 2004 – Б. 5-7.
7 ГОСТ ССБТ 12.0.004-90 «Организация обучения безопасности труда» 1999 – Б. 1-3.
8 Правила проведения обучения, инструктирования и проверок знаний работников по вопросам безопасности и охраны труда (Утверждены приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан) 2007 – Б. 1-3.

9 Правила организации обучения в области промышленной безопасности должностных лиц и работников опасных производственных объектов труда (Утверждены приказом Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан) 2005 – Б. 1-2.

Резюме

Одной из основных причин производственного травматизма и профессиональной заболеваемости является некачественное обучение работников безопасности труда. Хорошо обученный персонал может предусмотреть и предотвратить любой несчастный случай, приняв все необходимые меры предосторожности и неукоснительно следуя правилам техники безопасности. Эффективная система обучения и организации охраны труда, также позволит обеспечить стабильное функционирование производства. Очевидно, что организация охраны труда невозможна без обучения персонала, без доведения до их сведения основных требований и норм техники безопасности.

Summary

Overall objective of the degree project is the analysis of the organisation of training of safety of work.

One of principal causes of an industrial traumatism and professional disease is poor-quality training of workers of safety of work. Well trained personnel can provide and prevent any accident, having accepted all necessary safety measures and strictly conforming to the rules safety precautions. The effective system of training and the labour safety organisation, also will allow to provide stable functioning of manufacture. It is obvious that the labour safety organisation is impossible without personnel training, without finishing to their data of the basic requirements and norms of safety precautions.

Қ.И. Сәтбаева атындағы ҚазҰТУ *Түскен күні 10.10.12 г.*

Г.З. Казиев, Г.С. Набиева, А.К. Адильбекова, Н.О.Омбаев

МНОГОКРИТЕРИАЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ

В настоящее время информационные системы (ИС) различного класса и назначения используются во всех сферах человеческой деятельности. В процессе создания таких систем используется современные инструментальные средства программирования, системы управления базами данных, системы автоматизации проектирования и управления разработками, элементы искусственного интеллекта, современная техническая база в виде различного уровня вычислительных сетей.

Вместе с тем быстроизменяющиеся условия и требования к разработке и эксплуатации информационных систем, необходимость адаптации к потребностям предприятий и организаций, быстрое перепрофилирование их деятельности в условиях рынка обуславливают необходимость постоянного решения актуальных задач создания. Поэтому задачи анализа, проектирования, эксплуатации, модернизации, надежности систем обработки данных являются весьма актуальными.

Большое число вышеуказанных прикладных задач, как правило, сводится к задачам дискретного программирования, постановка и решение которых в свою очередь взывают значительных сложности. Прежде всего, имеется в виду вычислительная сложность (NP-полные задачи), размерность решаемых прикладных задач, точность и эффективность разработанных алгоритмов для практических приложений.

При решение задач, естественно, возникает необходимость разработки точных методов. Вместе с тем, следует отметить ограниченное использование точных методов для решения прикладных задач большой размерности. Несмотря на использование мощных вычислительных систем с большой памятью, совершенствование и развитие математического аппарата «проклятье дискретности» остается и на сегодняшний день.

Поэтому для эффективного решения прикладных задач и преодоления вычислительной сложности точных методов возникла необходимость разработки приближенных и эвристических методов, которые тесно связаны со структурой и особенностями постановки этих задач.

В отличие от точных методов, приближенные позволили решать задачи большой размерности, и полученные решения удовлетворяют потребностям практики. При этом в ряде случаев появилась возможность оценить отклонение от оптимального решения либо определить ближайшие окрестности от оптимального решения. Все это позволило использовать приближенные методы в качестве эффективного инструментария для решения практических задач.

В ряде случаев при проектировании информационных систем необходимо учитывать вектор критериев, которые могут противоречить друг другу. Такие постановки задач сводятся к многокритериальным задачам дискретного программирования.

Известно, что одной из основных задач проектирования автоматизированных информационных систем является разработка прикладного программного обеспечения и базы данных. Проектирование прикладного программного обеспечения и базы данных для заданной предметной области формализуется в виде модульной блок-схемы обработки данных [1].

Определение. Модульной блок-схемой обработки данных будем называть совокупность процедур, объединенных в модули и множество информационных элементов, объединенных в массивы (таблица) данных с отображением ингрированных связей между модулями и массивами.

Модульная блок-схема позволяет автоматизировать процесс программирования прикладных задач и создания базы данных и сократить затраты и длительность разрабатываемых систем.

На этапе рабочего проектирования наиболее общим критерием синтеза оптимальных модульных блок-схем является их сложность, которая на логическом уровне измеряется числом информационных взаимосвязей между программными модулями и массивами базы данных. При синтезе блок-схемы должны быть учтены основные характеристики и ограничения систем управления базами данных и вычислительных средств, на которых предполагается эксплуатация создаваемого программного и информационного обеспечения.

Как показал опыт проектирования систем обработки данных в ряде случаев к ним предъявляются различные технологические требования, часто противоречивые, которые необходимо учитывать. При этом одни требования имеют важное значение в качестве критериев эффективности, а другие – определяют технологические ограничения в процессе проектирования систем обработки данных.

В процессе анализа и синтеза информационных систем возникает необходимость одновременного учета нескольких показателей эффективности, которые определяют качество разрабатываемой системы в области заданных ограничений. Тогда задача сводится к тому, что необходимо использовать несколько критериев, чтобы наиболее адекватно отобразить их требуемую постановку. В этом случае необходимо формулировать и решать многокритериальные блочно-симметричные задачи.

Общая постановка многокритериальной задачи формулируется следующим образом.

Необходимо найти экстремум вектора функций, отражающего показатели эффективности разрабатываемых в области заданных технологических ограничений.

Приведем математическую постановку общей многокритериальной задачи.

Пусть, X - двухиндексная переменная, отражающая распределение элементов одного типа по группам, а Y - переменная, отражающая распределение элементов другого типа по соответствующим группам. Задана матрица W взаимосвязи элементов различных типов между собой.

Определены критерии $F_i(X,Y)$, $i=\overline{1,I}$ эффективности, зависящие от переменных X и Y, доставляющие экстремум функции вида $F_i(X,Y)$, $i=\overline{1,I}$.

Многокритериальная блочно-симметричная задача дискретного программирования формулируется следующим образом [2]:

$$F_i(X,Y) \to extr, \tag{1}$$

при ограничениях вида

$$\varphi_m(X) \ge \varphi_0,\ m=\overline{1,M}, \tag{2}$$

$$\psi_n(Y) \ge \psi_0,\ n=\overline{1,N}. \tag{3}$$

Для решения однокритериальной блочно-симметричной задачи ($i=1$) разработан и предложен эффективный алгоритм, позволяющий определить оптимальные решения при определенных услови-

ях [2]. Используя разработанный алгоритм можно предложить следующую схему решения многокритериальной задачи.

Решается однокритериальная задача $F_i(X,Y) \to extr$ при ограничениях вида (2) - (3) с использованием заданного алгоритма. Определяются переменные X и Y.

Определяются значение функций $F_i(X,Y)$, $i = \overline{2,I}$.

Решается однокритериальная задача $F_i(X,Y) \to extr$ при ограничениях вида (2) - (3) с использованием заданного алгоритма. Определяются переменные X и Y.

Определяются значение функций $F_i(X,Y)$, $i = \overline{3,I}$.

Решается однокритериальная задача $F_i(X,Y) \to extr$ при ограничениях вида (2) - (3) с использованием заданного алгоритма. Определяются переменные X и Y.

Экстремальные значения функций $F_i(X,Y)$ определяют область нахождения решения.

Таким образом, в результате решения многокритериальной задачи определяется область решения, в которой находится решение, удовлетворяющее всем критериям и соответствующим условиям.

Рассмотрим постановку и решение двухкритериальной задачи разработки модульной блок-схемы системы обработки данных.

В данной постановке необходимо множество процедур обработки данных $P = \{p_r ; r = \overline{1,R}\}$ распределить по программным модулям, а множество информационных элементов $D = \{d_l ; l = \overline{1,L}\}$, необходимых для реализации заданных процедур, распределить по массивам базы данных таким образом, чтобы минимизировать связи между программными модулями.

В качестве критерия эффективности используем минимум взаимосвязей между модулями блок-схем и массивами базы данных. Данный критерий позволяет представить структуру блок-схемы в виде слабосвязанных компонент модулей и связанных с ними массивов базы данных, уменьшить число обращений модулей к массивам в процессе их обработки. При заданных числовых характеристиках: времени обработки процедуры информационных элементов, времени обращения модулей к массивам базы данных, объемов процедур и информационных элементов, формируется критерии минимума времени обработки блок-схем, минимума памяти при обработке блок-схем и т.д.

В матричной форме данный критерий запишется в виде

$$\sum (XWY) \to \min . \qquad (4)$$

В процессе проектирования модульных блок-схем часто необходимо, определить межмодульный интерфейс, который представляет собой состав и число информационных элементов между модулями систем обработки данных. Данный критерий позволяет определить содержание межмодульного интерфейса и оптимальную структуру всей модульной блок-схемы.

Критерий минимума информационных элементов, используемых программными модулями (межмодульной интерфейс) блок-схемы обработки данных в матричной форме записывается следующим образом:

$$\sum Y^T Y \to \min . \qquad (5)$$

В общем случае данные критерии противоречивы, для которых трудно определить точное решение.

В матричной форме двухкритериальная блочно-симметричная задача запишется в следующем виде:

$$\sum (XWY) \to \min \qquad (6)$$

$$\sum Y^T Y \to \min . \qquad (7)$$

$\sum$ - сумма единичных элементов результирующих булевых матриц (6) и (3);

$X = \|x_{vr}\|$, $r = \overline{1,R}$, $v = \overline{1,V}$ - переменная распределения процедур обработки данных по модулям блок-схемы;

$Y = \|y_{lf}\|$, $l = \overline{1,L}$, $f = \overline{1,F}$ - переменная распределения информационных элементов по массивам базы данных;

$W = \|w_{rl}\|$ - взаимосвязи между информационными элементами и процедурами обработки данных;

Y^T - транспонированная матрица.

Для решения поставленной задачи (6-7) разработан и предложен алгоритм, основанный на вышеуказанной схеме решения общей многокритериальной задачи.

Разработано программное обеспечение решения однокритериальных и многокритериальных блочно-симметричных задач проектирования систем обработки данных в среде Delphi [3].

Разработанные модели и методы, программное обеспечение решения многокритериальных задач внедрены при проектировании модульных блок-схем обработки данных ряда информационных систем.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Казиев Г.З., Набиева Г.С., Сатмагамбетова Ж.З., Абылхасенова Д.К.* Модели и методы дискретного программирования. Блочно-симметричные модели - эффективный класс задач дискретного программирования. // «Вестник КБТУ», №3, 2010. С.61-68

2. *Казиев Г.З., Сагимбекова А.О., Набиева Г.С., Оспанова С.Б.* Эффективный алгоритм решения блочно-симметричных задач // Вестник КАЗ НТУ имени К.И. Сатпаева. - Алматы, 3/4 (37/38), 2003. С. 310-315.

3. *Казиев Г.З., Набиева Г.С., Шукатаев А.* Программная реализация многокритериальных блочно-симметричных задач дискретного программирования. // Научный журнал Министерства образования и науки «Поиск» , №4. – Алматы, 2006. с. 191-196.

Резюме

Бұл жұмыста автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді жобалаудың көп критерийлі есебінің жалпы қойылымы құрылған және бұл қойылған есепті шешу үшін алгоритм құрылған жәнек ұсынылған. Деректерді өңдеу жүйесінің модульді блок-схемсын өңдеу үшін екі критерийлі есептің қойылымы мен шешімі қарастырылған.

Summary

In the given work the general statement многокритериальной problems of designing of the automated information systems is formulated and for the decision of a task in view the algorithm is developed and offered. It is considered statement and the decision двухкритериальной problems of working out of the modular block diagramme of system of data processing.

КазНТУ им. К.И. Сатпаева *Поступила 10.11.12 г.*

УДК 621.311

Т.И. Глущенко, Г.М. Нұғұманова

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРМАЛЫ ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫНА БАҒА БЕРУ

Қазақстанның энергетикалық саласы алғашқы энергия қорларын аса көп көлемде тұтынатындықтын, оның үлкен үлесі көмір болып келеді. Ол өз кезегінде қоршаған ортаның ластануына әкеліп соғады. Қазақстанның өндірілетін қуаттарының 88 %-ын көмір жылу электр станциялары құрайды, олардың көбісі өнеркәсіп орталықтары мен қалаларының маңында орналасқан. Олардың түтін газдарын тазарту жүйелері ескіргендіктен, бұл кәсіпорындар қалалардың атмосферасын ластайды. [1]

Жүргізіліп отырған модернизацияға қарамастан, станциялар қорының ескіруі бүгінгі күні өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан да электр станциялардың тарифтерді жоғарлатуы электр энергиясына сұраныстың артуына байланысты.

Инвестициялық қорларды көп үлесін «мәжбүрлі» түрде соңғы тұтынушыларға тарифтерге қосу арқылы алу мүмкіндігі электр энергетика кәсіпорындарын нағыз инвесторларды іздестіруден босатады, тиімді жобаларды таңдауға қойылатын талаптарды төмендетеді. Сонымен қатар, тарифтерді жоғарлату арқылы электр энергетикасын қаржыландыру шаралары барлық инвестициялық тәуекелді тұтынушылар мойнына жүктейді, өндірісті модернизациялау бойынша өздерінің мүмкіндіктерін қысқартады.

Энергетикалық жүйелер жабдықтарының моральдік және физикалық ескіруінің салдары, электрді пайдалану құрылымының өзгеруі, энергияны үнемдеу технологияларының болмауы, қоршаған ортаның ластануы – осының барлығы энергетикалық кешеннің қызметіндегі күрделі мәселелердің шоғырлануын білдіреді.

Барлық электр желілерінің жартысынан астамы электр энергиясын таратудан ешбір табыс бермейді, бірақ міндетті түрде техникалық қызмет көрсетуді талап етеді.

Активтердің тозуы электр энергетикасы жұмысының тиімділігі мен сенімілігін арттыру бойынша жобаларды жүзеге асыруға ақшалай қаражаттарды бөлудің қажеттілігін көрсетеді. Бұл жоспарларға бірқатар жабдықтарды жаңарту және жаңа құру жұмыстары да кіреді.

Сонымен қатар, аймақтардың энергия көздерін дамытуға деген қызығушылығы жетіспейді.

Энергетикалық қауіпсіздік заңдары бойынша электрмен жабдықтау жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін энергияның 25-30 %-ы тәуелсіз энергия көздерінен өндірілуі тиіс.

Жүйенің тұрақты жұмыс істеу қабілетіне келесі факторлар кіреді: қуаттардың шоғырлануы, энергетикалық байланыстар, қуат қорлары, коммуникациялық қорлар, жабдықтардың қорлары, жүйенің жұмысқа дайындығы, жүйенің сенімділігі, жабдықтардың техникалық деңгейі, қорлардың тозуы, электрмен жабдықтау жүйелерін қалпына келтіруге мүмкіндігі, электр энергиясын тұтынушыларға жеткізуді монополизациялау, қаржылық жағдайы.

Қазақстан Орта Азиядағы парниктік эффектіге әкелетін көмірқышқыл газдардың атмосфераға бөлінудің ең ірі көзі болып табылады.

Қазақстанда адам басына шаққанда атмосфераға жылына 16 тонна көмірқышқыл газдар бөлінеді. Бұл өте үлкен көрсеткіш.

Қазақстанның энергетикалық саласы алғашқы энергия қорларын аса көп көлемде тұтынатындықтан, оның үлкен үлесі көмірге келеді. Ол өз кезегінде қоршаған ортаның ластануына әкеліп соғады. Қазақстанның өндірілетін қуаттарының 88 %-ын көмір жылу электр станциялары құрайды, олардың көбісі өнеркәсіп орталықтары мен қалаларының маңында орналасқан. Олардың түтін газдарын тазарту жүйелері ескіргендіктен, бұл кәсіпорындар қалалардың атмосферасын ластайды.

Экономика өскен сайын, электр энергиясы мен өндірілетін қуатқа деген сұраныс артқан сайын тарифтер де өсе береді.

Қостанай облысының тұтынушылары үшін (сарапшылардың болжауынша) 2015 жылға таман тарифтер 2009 жылмен салыстырғанда 2,45 есе артады, бұл 22,45 теңгені құрайды (1 кесте).

1 кесте. **Қостанай облысының тұтынушылары үшін электр энергиясына болжамды тарифтер**

Жыл	2011ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
Электр энергиясына тарифтер, теңге	12,40	14,38	16,69	19,36	22,45

Қазақстан гидро-, күн, жел және термальдік энергия және т.б. түріндегі жаңғырмалы энергия көздеріне бай ел. Жел энергиясының техникалық потенциалы жылына 1 820, ал экономикалық потенциалы жылына 336 млрд. кВт·сағ құрайды, бірақ бұл қорлар бүгінгі күнге дейін пайдаланылмаған. Әр түрлі жаңғырмалы энергия көздерінен өндірілетін электр энергияның құны дәстүрлі түрде өндірілетін электр энергиясының құнынан төмен болады. Жүргізілген зерттеулер дәлелдеді: қиырда орналасқан желді аймақтар үшін жел энергетикасы электр энергиясының тиімді көзі болуы мүмкін. Жел электр станцияларының артықшылығы – ол гидро- немесе жылу электр станцияларымен салыстырғанда, құрылысына аз уақыт жұмсалуы.

Қостанай облысында күн энергиясының қолданылуына келесі көрсеткіштер түрткі болды:

- күн радиациясының орташа тығыздығының шамасы аспан ашық күндері – 315,9 Вт/м^2, ал бұлтты күндері – 176,4 Вт/м^2 құрайды.

Шілде айында аспан ашық болған жағдайда күн радиациясының жиынтығы (тікелей және шашыраған) келесіні құрайды:

- көлденең бетке түсетін максималдық – 845 Вт/м;
- орташа тәуліктік – 329 Вт/м;
- тік бетке түсетін максималдық -784 Вт/м;
- орташа тәуліктік – 197 Вт/м.

Келтірілген есептеулер күн энергиясын автономдық тұтынушыларға да, сондай-ақ тұтынушыларды резервтік электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін қолдануға тиімді екенін көрсетеді.

Потенциалды энергетикалық ресурстардың аса бай қорлары биомассаның қолданылуында жатыр. Фермалар мен кешендердің әрекет ету өнімдерінің ішінде аса үлкен энергетикалық потенциалға ие болатыны – қи. Малдың рационы мен түрлеріне байланысты қи жемнің жалпы қуатының 35-45% құрайды. Қиды қайта өңдеу үшін биоэнергетикалық қондырғылар қолданылады. Бұл қондырғыларда қи анаэробтық ферментация әдісімен өңделеді, оның нәтижесінде биогаз түзіледі (құрамында 70%-ға дейін метан). 1м^3 биогаздың жану жылуы 20-25 МДж-ге дейін жетеді, ол шартты отынның 0,8 кг-на сәйкес келеді. Теория жағынан бір ірі мүйізді малдың қиынан (бір тәулікте) энергетикалық потенциалы шамамен 40 мың т. болатын 2 м^3 дейін биогаз алуға болады [4]. Еліміздің көлемінде бұл тәулігіне 205 млн. м^3 биогазға тең, ал жалпы энергетикалық потенциалы 180 мың т. шартты отынға сәйкес. Сонымен, БЭҚ-да қиды анаэробтық ферментациялаудың даму деңгейі мал өсіру фермасындағы жылдық энергия жұмсалуының 30-50%-ын өтеуге мүмкіндік береді, осының барлығы сүт алудың биоэнергетикалық ПӘК-ін 12-14 %-ға арттыруға болады. Сонымен қатар, шірітілген қиды зарарсыздандыру (аэробтық ферментация) әдісіне қарағанда, БЭҚ-да қи зарарсыздандырылып, жоғары сапалы органикалық тыңайтқыш түзіледі (бұл жағдайда азоттың денитрификациясы жүзеге асырылмайды).

Биоэнергетикалық ресурстар қорларын тереңірек қарастырайық. Биоэнергетикалық қондырғыларда биогаз (табиғи газ CH_4) өндіріледі. 1м^3 биогаздың жану жылуы шамамен 20-25 МДж-ге тең, ол шартты отынның 0,8 кг-на сәйкес келеді. Биогаздың жуықталған құрамы (CH_4 = 60-70%; CO_2 = 20-30%; H_2 = 3.0%; 0_2 =0,2%; H_2 = 0,2%). Биогаз органикалық шикізаттың анаэробтық, метандық ашытылуы нәтижесінде алынады [2].

Қостанай облысындағы ірі мүйізді мал саны 1-1,3 млн. басқа дейін, шошқалар саны 400-500 мың басқа дейін құрайтынын ескерсек, органикалық шикізат қорынан бір жылда алынатын биогаздың потенциалдық көлемі шамамен 1,5-2 млрд.м^3 немесе шартты отынның 1,2-1,6 млн.тоннасын құрайды.

Тағы да ескеріп өтетін жай, биоэнергоресурстар аса маңызды, олар жаңғырмалы болып табылады, өйткені шикізаттан тек қана химиялық байланыстардың энергиясы (түрлендірілген күн энергиясы) ғана алынады, ал анаэробтық ашытылу қалдықтары жоғары сапалы органикалық шикізат болып табылады. Себебі, метандық ашыту жағдайларында (органикалық заттардың ыдырау тереңдігі 30-40% дейін) фосфор мен калийдің саны өзгермейді, ал аммиакты түрдегі азоттың саны 30-40% дейін артады. Қарапайым анаэробтық ашытуға қарағанда, аммиакты азот үлесінің артуы органикалық тыңайтқыштарды аса тиімдірек етеді. Осындай түрде ол өсімдіктермен жақсы сіңіріледі [3].

Осылайша, топырақтың құнарлылығының өздігінен қалпына келуімен бірге энергия алудың тұйықталған жүйесі алынады.

Қостанай облысы үшін жел энергиясының ресурстарын қарастырайық. Желэнергетикалық ресурстарды бағалау барысында облыс аймағында және іргелес аудандарда орналасқан метеостанциялар бойынша желдің жылдамдығын бақылау деректері пайдаланылды. Метеостанциялар бойынша жел режимі сипаттамасының есептеулері I979-I992 жылдары аралығындағы бақылаулар деректері негізінде жүргізілді. Бастапқы ақпарат көлемі дәлелді орташа жылдық сипаттамалар алуға мүмкіндік береді /96/.

Желэнергоресурстар келесі көрсеткіштер бойынша бағаланады:

Желдің орташа жылдамдықтары, жел жылдамдықтарының қайталануы, меншікті энергияның орташа жылдық мәндері.

- Желдің орташа жылдамдықтары:

Желдің орташа жылдамдықтары, әдетте, белгілі бір аймақта желдің жалпы деңгейіне баға беру үшін пайдаланылады және олардың көмегімен желэнергетикалық ресурстар жайлы жанама пайымдама алуға болады. Желдің орташа айлық жылдамдықтары жайлы деректерді жел сипаттамаларының жыл мезгілдері бойынша өзгерісін анықтаудың негізіне жатқызуға болады.

Метеостанциялардың таңдаулы топтары үшін 13 жылдық уақыт ішіндегі бақылаулардың деректері бойынша желдің орташа жылдық және орташа айлық жылдамдықтары есептелді.

Барлық метеостанциялар үшін жалпы заңдылық байқалады: жылдың суық мезгілдерінде желдің жылдамдығы артады, ал жазғы мезгілде – төмендейді. Максималдық және минималдық орташа айлық жылдамдықтардың қатынасы келесіні құрайды: Диевская метеостанциясы бойынша - 1,2; Арқалық - 1,4; Аршалы -1,5; Жітіқара - 1,6. Басқа метеостанциялар бойынша жел жылдамдығының маусымдық өзгерістері жоғарыдағылармен ұқсас.

- Жел жылдамдықтарының қайталануы:

Жел энергиясы ресурстарының маңызды сипаты болып табылады. Жел жылдамдықтарының қайталануы бойынша қарқындылығы әр түрлі болып келетін жылдамдықтардың қайталану заңдылығы жайлы пайымдауға болады.

Бөлек пункттарда және жалпы Қостанай облысы бойынша жел энергетикалық ресурстардың сипаттамаларын бағалау барысында статистикалық мәліметті пайдаланған жөн.

Деректерден байқағанымыз: метеостанциялар бойынша жел жылдамдықтардың қайталануы үлкен айырмашылықпен сипатталады. Мысалы, Свердлов, Шевченко, Науырзым қорығының метеостанциялары бойынша желсіз уақыттар аралығы (V≤1 м/с) 46%-ға дейін құрайды, яғни атаған аймақтарда жел жылдамдығы өте төмен. Сондай-ақ, орташа жылдық жылдамдығы жоғары аудандарда желсіз күндерінің үлесі көп (Аманкелді метеостанциясы – 21%, Железнорудный – 23%). Метеостанциялардың деректері бойынша кейбір аудандарда желсіз күндердің үлесі төмен (Арқалық – 5%, Диевская – 11%).

Жоғарыда көрсетілген жел жылдамдығының үлестірілу ерекшелігі жел қондырғыларының жұмыс тәртібіне, сондай-ақ энергияның берілу және тұтынылу кестелерінің келісілуіне зор ықпалын тигізеді.

Солтүстік Қазақстанның бірегей ерекшелігіне дамыған ауылшаруашылық өндірісі жатады, және де ол көптеген электр энергиясы мен басқа да отын ресурстары тұтынушыларының территория бойынша бөлінуімен, автономды энергиямен қамтамасыз етуді талап ететін көп нысандар санымен сипатталады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан аймағы гелиоэнергоресурстарға, биоэнергоресурстар қорына (мал өсіру шаруашылығының қалдықтары, сабан және т.б.) бай екенін ескерсек, Солтүстік Қазақстанның ауылшаруашылық өндірісі жаңғырмалы энергия көздерінің ірі тұтынушысы бола алады.

Бірыңғай құрамды жүйеде жұмыс істейтін қалыптаспаған энергия қондырғылары (жел-, гелио-, биоқондырғылар) болып табылатын қалыптаспаған энергия жүйелерін құрудың келешегі өте зор. Осының барлығы энергетикалық ағындарды әр түрлі энергия көздері, тұтынушылар мен Мемлекеттік энергожүйелер арасында ұтымды үлестіру арқылы олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, қалыптаспаған энергия жүйелері ауылдық электр тасымалдау желілерінің және трансформаторлық қосалқы станцияларының қолданыстағы инфрақұрылымын пайдаланып, артық қуатты Мемелекеттік энергия жүйесіне бере алады, ол өз кезегінде қуат «тапшылығын» төмендетуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Сакенов М.* Реформирование электроэнергетики// Промышленность Казахстана. 2004.- №4. – С. 20-21

2. *Мак-Вейг Д.* Применение солнечной энергии: перевод с англ. под ред. Б.В. Тарнижевского. – М. Энергоиздат, 1981. С. 128-145

3. *Твайделл Д.* Возобновляемые источники энергии. /пер. с англ./ В.А.Коробкова. М: Энергоатомиздат. 1990 г. С.195-221

4. *Д.Муканов, М.Ющенко, В. Эпиктетов*. Учет энергетических ресурсов. Промышленность Казахстана, 12.2002г.

5. *Н.Буктуков,А.Жакып*, «Альтернатива атомной электростанции», Промышленность Казахстана, 12.2002г.

6. *Самойлов М.В.* Основы энергосбережения. Мн: БГЭУ, 2002-198 с.
7. *Безруких П.П., Безруких П.П.* Что может дать энергия ветра?, «Энергия: экономика, техника, экология», №2 2000г. стр.13-24
8. Под редакцией В.И.Виссарионова. Энергетическое оборудование для использования нетрадиционных и возобновляемых источников энергии. Москва, ВИЭН, 2004, с.448.
9. *Магомедов А.М.* Нетрадиционные возобновляемые источники энергии. Махачкала, Юпитер, 1996, с.245
10. *Удалов С.Н.* Возобновляемые источники энергии. НГТУ, 2009, с.444
11. *Заварзин Г.А.* Биогаз и малая энергетика. Ж. "Природа", № 1, 1987

Резюме

Рассмотрены вопросы оценки ресурсов солнечной и ветровой энергии, а также энергии биомассы для электроснабжения потребителей Костанайской области. Предложено использование возобновляемых источников электроэнергии для частичного обеспечения электроэнергией региона. Определены пути повышения энергетической безопасности региона, экономии топлива, сокращения количества вредных выбросов в атмосферу. Рассмотрены предпосылки для создания организаций и предприятия малого и среднего бизнеса, работающих в сфере малой энергетики. Предложено использование автономных систем электроснабжения для сельскохозяйственных потребителей.

Summary

The questions of an estimation of resources of solar and wind energy, and also energy of bioweight for electrosupply of the consumers Kostanay of area are considered. Use of renewed sources of the electric power for partial maintenance by the electric power of region is offered. The ways of increase of power safety of region, economy of fuel, reduction of quantity of harmful emissions in an atmosphere are determined. The preconditions for creation of organizations both enterprise of small and average business working in sphere of small power are considered. Use of independent systems of electrosupply for the agricultural consumers is offered.

Түскен күні 12.11.12 г.

УДК 656.2

А. Киргизбеков

АНАЛИЗ СИСТЕМ ИНТЕРВАЛЬНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ДВИЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ

В простейшем виде устройства сигнализации, централизации и блокировки (СЦБ) появились в дореволюционной России уже на первых участках железных дорог, но при этом были, по современным меркам, весьма примитивными. Большая часть средств СЦБ являлась продукцией немецких и английских фирм.

До начала первой мировой войны на 43% протяженности сети железных дорог движение поездов регулировалось с помощью телеграфно-телефонных средств, на 44% - с помощью жезловой системы, а на 13% - с помощью полуавтоматической блокировки (ПАБ) электромеханического типа. Появление этих систем и положило начало интервальному регулированию движения поездов.

